

«Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау үшін жүргізілген ішкі талдау қорытындысы бойынша анықтама

«Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК-ның сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау үшін, ішкі талдау жүргізу мақсатында, кәсіпорының № 155-н/қ бұйрығымен жұмыс тобы құрылып, оның бағыттары айқындалынып, нақты объектілері белгіленді. Ішкі талдаудың өз уақытында және сапалы өткізілуі – жауапты қызметкерлерге жүктелді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңының 8 бабы, 5-тармағына сәйкес ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 16.01.2023 ж. күнгі №21 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары» туралы бұйрығына сәйкес жүргізілді.

Жұмыс тобы жетекшісі: Қуанышбекова Л.Т.- директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Жұмыс тобының құрамы: заңгер- Нышанбеков Т.Н., бас есепші- Умирзакова Б.М., мамандар бөлімінің инспекторы- Атаханова А.М., оқытушы- Қырықбаева Б.А., «Алау» бастауыш партия ұйымының хатшысы- Жакипова М.Ж., Әділдік жолы РҚБ Жамбыл облыстық филиалының басшысы- Жұбандыкова Н.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаумен қамтылған кезең:

2023 жылдың 01 қаңтарынан - 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі аралық, оқу бөлімі бойынша 2023-2024 оқу жылы аралығы.

✓ **Талдау жүргізу мерзімі:** 2024 жылдың маусым айының 01 жұлдызымен 30 жұлдызы аралығы. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауға жататын бөлімшелер атауы:

- кадр бөлімі, жұмысқа қабылдау және шығару барысын бақылау мен қадағалау бойынша (2023 жылдың 01 қаңтарымен 31 желтоқсан аралығы);
- мемлекеттік сатып алуды жүргізу қызметі (2023 жылдың 01 қаңтарымен 31 желтоқсан аралығы);
- есеп бөлімі (2023 жылдың 01 қаңтарымен 31 желтоқсан аралығы)
- кітапхана қызметі (2023 жылдың 01 қаңтарымен 31 желтоқсан аралығы)
- оқу бөлімі жұмыстары 2022-2023 оқу жылы аралығы

Объектілердің жұмыстары бойынша қолданыстағы заңнамаларды негізге ала отырып, тексеріліп, зерделеу жұмыстары жүргізілді. Ішкі талдау жүргізу барысында, белгіленген объектілер бойынша жүргізілген жұмыстың нәтижесі:

Сипаттама бөлігі:

Персоналды басқару, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдар тізбесін айқындау.

Сыбайлас жемқорлыққа шалдығатын лауазымдар тізбесі:

Қызметкерлердің штат кестесі бойынша кәсіпорында барлығы 202 бірлік қарастырылған. Оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдығуына ықтимал лауазымдар саны 12-ні құрайды.

Персоналды басқару бөлімінің негізгі мақсаты – кәсіпорынды білікті оқытушылармен, мамандармен қамту.

Персоналды басқару бөлімінің негізгі міндеттері:

- кәсіпорынның барлық бөлімшелерін білікті оқытушылармен, мамандармен қамтамасыз ету.

1. Кадр бөлімі (жұмысқа қабылдау және шығару барысын бақылау мен қадағалау) бойынша;

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау – сыбайлас жемқорлық және құқықбұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу мақсатында 01-30.06.2024ж. аралығында Кадр бөлімінің құжаттарына тексеру жұмыстары жүргізілді. Атап айтсақ, қызметкерлер мен оқытушылардың жеке құрамының бұйрықтары, студент құрамы бойынша бұйрықтар, өндірістік бұйрықтар, жеке іс қағаздар, еңбек кітапшалары, жеке құрам бойынша бұйрықтарды тіркеу, студенттер құрамы бойынша бұйрықтарды тіркеу, ваканттық орындарды жариялау тәртібі, кадрларды жұмысқа қабылдау бойынша жүргізілетін конкурстық комиссия хаттамалары. Мамандар бөлімінде іс-қағаздарды рәсімдеу ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің 25.08.2023 жылға № 236 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады. Бұйрықтар жалпы жеке құрам, өндірістік және студенттер бойынша болып үш топқа бөлінеді. Колледждің мамандар бөлімінде «Sea Monkey» автоматтандырылған электрондық жүйесі (база) қолданылады, бұйрықтар осы жүйеде жасақталған. Оқу бөлімі студенттер құрамы бойынша бұйрықтарды осы база арқылы қадағалап отырады. Студенттер құрамы бойынша бұйрықтар (оқудан шығару, ауыстыру, оқуға қабылдау, сабақтан босату т.б.) Академиялық демалыс беру, қайта қабылдау қолданыстағы заңнамаларға сәйкес жүзеге асырылуда.

Колледждің кадр саясаты туралы ережесі Байқау кеңесінің 12.04.2021 ж. отырысында талқыланып бекітілген. 2023-2024 оқу жылында оқу процесін 153 штаттағы педагогтар жүзеге асырған. Штаттағы оқытушылардың санаттары бойынша жоғары біліктілік санаты 23, бірінші санат-27, екінші санат-33, санаты жоқ-70. Бір оқытушының «Медицина ғылымдарының кандидаты» ғылыми дәрежесі бар, 35 оқытушының магистр дәрежесі бар.

2023 жылы қаңтар мен желтоқсан айлары аралығында 37 адам жұмысқа қабылданды оның ішінде 18- оқытушы, 10- өзге персонал, 9- техперсонал. Ваканттық орындарды жариялау тәртібі Еңбек.kz сайтында уақытылы жарияланып отырады.

Кадрларды, педагогтарды жұмысқа қабылдау бойынша жүргізілетін конкурстық комиссия хаттамалары бар, арнайы папкаға жинақталған.

Конкурс ҚР Білім және ғылым министрінің 21.02.2012ж. №57 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылуда. Оқытушыларға деген қажеттілік Даму стратегиясы мен студенттер контингенті негізінде айқындалады. Бос лауазымға

орналасуға үміткерлерді іздеу электрондық еңбек биржасы сайтында (Enebek.kz) бос жұмыс орындарына орналастыру бос орындар жәрмеңкесіне қатысу, сондай-ақ медициналық ЖОО түлектері үшін бос жұмыс орындарына орналастыру арқылы жүзеге асырылады. Кәсіпорында кадрлардың қозғалысы қалыпты жағдайда.

2023 жылы қаңтар мен желтоқсан айлары аралығында 32 адам жұмыстан шықты оның ішінде 18-оқытушы, 7-өзге персонал, 7-техперсонал. Колледж еңбек тәртіптемесінің қағидалары бірінші басшымен бекітілген. Еңбек тәртіптемесінің қағидаларында жұмыскерлердің жұмыс уақыты мен тынығу уақыты, еңбек тәртібін қамтамасыз ету жағдайлары, еңбек қатынастарын реттеудің өзге де мәселелері нақты белгіленген. Қызметкерлерге тәртіптік жаза қолдану тәртібі заңға (ҚР ЕК) сай орындалуда. Қаржылай көмек көрсету бұйрықтары 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 қаулысына сәйкес шығарылған.

Степендия тағайындау туралы, өндірістік туралы бұйрықтар дұрыс. Жеке құрам бойынша және студенттер құрамы бойынша бұйрықтар тіркелген. Алынбаған тәртіптік жазалары бар және жұмыс нәтижелеріне қарамастан қызметкерлерді қызмет барысы бойынша көтермелеуге жол берілмеген. 2023 жыл ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысының 25-қосымшасының негізінде 2023 жылдың мамыр айының 3-ші жұлдызы күнгі колледж директорының міндетін атқарушысының № 106-н/қ бұйрығымен «1,7,9 мамыр- ҚР мемлекеттік мереке» күндеріне орай және 2023 жылдың желтоқсан айының 13-ші жұлдызы күнгі колледж директорының міндетін атқарушысының № 360-н/қ бұйрығымен «16 желтоқсан- Тәуелсіздік күні» мерекесіне орай үнемделген қаржы есебінен, тәртіптік жауапкершілікке тартылмаған колледж қызметкерлеріне үнемделген қаржы көлеміне сәйкес екі рет сыйлықақы төлеу жүргізілген. Заңнама талаптарын және ішкі ережелерді бұзған немесе оған жол берген қызметкерлерге тәртіптік сипаттағы шараларды қолданбай қалған мән жайлар орын алмады. Еңбек кітапшалары талапқа сай дұрыс толтырылған. Қызметкерлердің жеке іс қағаздар толық тексерілді барлығы талапқа сай дұрыс жинақталған. Жұмыс істеп жатқан қызметкерлердің білімі туралы дипломдарын растау үшін оқу орындарына сұраныстар жолданып жауап алынған, сонымен қатар жұмысқа жаңадан орналасуға келген кісілерден білімі туралы дипломдарын растау қағазы талап етілуде.

Персоналды басқару бөлімі қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Персоналды басқару бөлімі өз қызметінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Педагог мәртебесі және Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, Кәсіпорын Жарғысын, директордың бұйрықтарын, жазбаша өкімдерін басшылыққа алады.

Мүдделер қақтығысын реттеу.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәуекелдерді талдау кезінде деректер анықталған жоқ:

Мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі рәсімдерді реттейтін құжат бар.
Мүдделер қақтығысын мониторингтеу және реттеу жөніндегі функциялар жүктелген тұлға бар.

-тікелей бағынышты жақын туыстар лауазымдарын атқару кезіндегі үлестестіктер;

-ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану;
-іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін материалдық сыйақыны, сыйлықтарды немесе көрсетілетін қызметтерді ұсынған адамдардың пайдасына қабылдауды жүзеге асыру сондай-ақ, қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйымдардың бұзушылықтары анықталған жоқ.

Колледж қызметкерлерінің жеке іс қағаздарын тексеру барысында бір қызметкердің еңбек өтілі дұрыс есептелмегені анықталды. Жумашов Арнат Бағланұлының педагогикалық еңбек өтілі жұмысқа қабылданған кезде 2023 жылдың 10 қарашасында еңбек өтілі жоқ деп көрсетілген, алайда ол кезде оның өтілі 1 жыл екі ай болған. Бүгінгі күнде оның еңбек өтілі дұрысталып жөнге келтірілді.

Персоналды басқару бөлімінде педагогтарды жұмысқа қабылдау кезіндегі тәуекелдер:

1) Жұмысшының жұмысқа орналасу үшін өткізген құжаттамаларын зерделеу толық қанды өз деңгейінде жүргізілмеу.

Персоналды басқару бөлімінде оқытушыларды жұмысқа қабылдау кезінде тәуекелдерді болдырмау:

1) Жұмысшының жұмысқа орналасу үшін өткізген құжаттамаларын зерделеу барысында барлық құжаттарға аса зейін салып тексеру.

2.Мемлекеттік сатып алуды жүргізу қызметі бойынша:

4-бап. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаттары 2023 жыл 01 қаңтар 31 желтоқсан аралығындағы мемлекеттік сатып алу бойынша құжаттар қаралды. 2023 жыл бойынша мемлекеттік сатып алу келесідей:

Мемлекеттік сатып алу бөлімімен 2023 жылдың 1қаңтар - 31 желтоқсан аралығында: жалпы сомасы – 265796373,69 мың теңгеге мемлекеттік сатып алу өткізілді, оның ішінде:

баға ұсыныстарын сұрату – 68530034,08 мың теңге;

бір көзден алу тәсілімен тікелей шарт жасасу арқылы– 39634468,6 мың теңге;

ашық конкурс –12942260 мың теңге;

электрондық дүкен – 134732987 мың теңге;

өткізілмеген сатып алу бойынша бір көзден сатып алу – 9956624,01 мың теңге;

тауар биржалары арқылы – 0 мың теңге.

2023 жылы барлығы 214 (жүз елу бес) - шарт жасалды.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру:

1) мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсалған.

2) осы Заңда көзделгеннен басқа жағдайларда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер берілген.

3) әлеуетті өнім берушілер арасындағы адал бәсекелестік, сатып алуға қатысушылар арасында сөз байласуға жол берілмеген;

4) мемлекеттік сатып алу процесінің, оның ішінде өнім берушілердің коммерциялық құпияға заңды құқықтары сақтала отырып (мемлекеттік сатып алу қорытындылары шығарылғанға дейін), ашықтығы мен айқындығы сақталған;

5) отандық тауар өндірушілерге, сондай-ақ жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық берушілерге Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға қайшы келмейтін шамада қолдау көрсетілген;

6) мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігі сақталған;

7) сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол берілмеген;

8) сатып алынатын тауарлар құрамындағы зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды сақталған.

Колледжде мемлекеттік сатып алу процесі Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңының 5-бап. Мемлекеттік сатып алу процесінде көрсетілген тармақшаларға сәйкес жүргізілген.

1) мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары әзірленген және бекітілген.

2) өнім берушіні таңдаған және онымен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалынған.

3) мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындауды қамтылған.

Колледжде мемлекеттік сатып алу процесі Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңына 39-бап. Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру негіздерінде көрсетілген тармақшаларға сәйкес жүргізілген.

40-бап. Өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру заңға сай жүргізілген.

Колледжде мемлекеттік сатып алу процесі Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңының 41-бап. Мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылмаған.

Мемлекеттік сатып алу бөлімі өз қызметінде Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңын, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, Кәсіпорын Жарғысын, директордың бұйрықтарын, жазбаша өкімдерін басшылыққа алады.

Мемлекеттік сатып алулар бөлімінің негізгі мақсаты тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және жүзеге асыру болып табылады. Жоспарлаудың тиімділігін, кәсіпорынның үздіксіз қызметін және мемлекеттік сатып алуды құқықтық реттеу қағидастарын сақтай отырып, мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсауды қамтамасыз ету.

Мемлекеттік сатып алулар бөлімінің негізгі міндеттері:

- кәсіпорынның барлық бөлімшелерін қажетті тауарлармен, жұмыстармен, қызметтермен қамтамасыз ету.

Мемлекеттік сатып алулар бөлімінің негізгі функциялары:

- Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын әзірлеу және бекіту, сондай-ақ бекітілген даму жоспарының негізінде жоспарға өзгерістермен толықтырулар енгізу.

- Тауар, жұмыс және қызметтерді сатып алуды мемлекеттік сатып алулар Веб-порталында Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңында көзделген тәсілдермен жүзеге асыру.

- Жеткізушілермен (Орындаушылармен, Мердігерлермен) тауар, жұмыс және қызметтерді мемлекеттік сатып алу шарттар жасасу, мемлекеттік сатып алу шарты бойынша міндеттемелерді орындауына мониторингті жүзеге асыру, техникалық ерекшеліктің нақты жеткізілген тауарға сәйкестігі, мерзімдері, тауарларды қабылдау тәртібі, шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару уақтылы жасалады. Бекітілген мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарында көзделмеген тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуға жол берілмейді.

- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету.

Мемлекеттік сатып алу менеджеріне келіп түскен сұраныстарды тексеру барысында анықталғаны: Кітапхана меңгерушісі Бегалиева Нұрсұлу Ерланқызы оқулықтарға сұраныс берерде алдын ала цикл-әдістемелік комиссия төрайымдарынан оқулықтарға сұранымды жинап содан кейін ғана бірінші басшының атына сұраныс жолдайды, алайда кітапхана меңгерушісі цикл-әдістемелік комиссия төрайымдарынан оқулықтарға сұранымдарды уақтылы жинамай өз бетінше оқулықтардың санын тым көп және бағасын жоғары көрсетіп сұраныс берген, соның салдарынан сұранысқа қатты ие емес оқулықтар жоғары бағада мемлекеттік сатып алу порталы арқылы сатып алынған.

Мемлекеттік сатып алулармен жұмысты ұйымдастыру кезіндегі тәуекелдер: Сұраныс жазатын қызметкерлер қажетті заттарға немесе жұмыстарға сұраныстарды нақтыламай өз бетінше сұраныс жолдауы.

Мемлекеттік сатып алулармен жұмысты ұйымдастыру кезінде тәуекелдерді болдырмау: Келіп түскен сұраныстарды мемлекеттік сатып алу порталына салмай тұрып қажеттілігін нақтылап анықтау.

3. Есеп бөлімі:

Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу.

Колледждің қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптарына сәйкес Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі кеңес (ХКЕС жөніндегі Кеңес) жарияланған редакцияда және «Жария мүдделі ұйымдар жариялау үшін жылдық қаржылық есептіліктің тізбесі мен нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы № 404 бұйрығының форматында дайындалады.

Қызметтің мақсаттары, міндеттері мен негізгі көрсеткіштері "Жамбыл жоғары медициналық колледжі" ШЖҚ КМК стратегиялық жоспарына сәйкес келеді.

2023 жылға қаржыландыру қаражатын игеру толық көлемде атқарылды. Колледжде Қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелерін дұрыс көрсету үшін жыл сайын аудит жүргізу Қағидаларына сәйкес өзара емес аудиторлық ұйымдармен аудит және арнайы мақсаттағы аудит жүргізіледі. 2023 жылы аудиторлық тексеруді тәуелсіз аудитті Мемлекеттік лицензиясы № 19009585 25.04.2019 ж. "BR-Audit" ЖШС жүргізді.

Колледждің қаржылық және бюджеттік рәсімдерінің ашықтығы мен қолжетімділігі даму Жоспарын Байқау кеңесімен келісу және уәкілетті органмен - Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасымен бекіту жолымен қамтамасыз етіледі. Қаржылық есептілік, даму Жоспарлары және даму Жоспарының орындалуы жөніндегі есептер жыл сайын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі мемлекеттік мүлік және жекешелендіру Комитетінің ақпараттық-есепке алу орталығының порталына депозитарийге тапсырылады. Веб-порталда бірыңғай мемлекеттік Тізілім арқылы жариялау жүріп жатыр <https://cabinet.gosreestr.kz/>.

2023 жылы қаржылық есебіне сәйкес мемлекеттік бюджет кіріс сомасы 1 325 522 мың теңгені құрады оның ішінде: бюджеттік шарттар бойынша жергілікті бюджеттен 813 359 мың. теңге; бюджеттен бөлінген студенттердің трансферті -512 163 мың теңгені құрады.

2023 жылы жалпы шығыстар соммасы 1 772 154 мың. теңгені құрады, оның ішінде: Еңбекақы төлеу қоры 891158 мың. теңге; жұмыс берушілердің жарналары 105 587 мың. теңге сомасын құрады, оның ішінде: әлеуметтік салық соммасы- 56 895 мың.теңге, әлеуметтік аударымдар –24 057 мың.теңге, міндетті сақтандыру жарналары, МӘМС- 24 635 мың.теңге. Студенттердің әлеуметтік төлемдері 502 165 мың теңге. Қорлар мен негізгі құрал жабдықтарды сатып алуға жұмсалған сома 119 103 мың теңге, коммуналдық қызметтер бойынша шығыстар 20 141 мың теңге, байланыс қызметіне жұмсалған сомма 1 687 мың. теңге, басқа қызметтер мен жұмыстар бойынша шығыстар 85 047 мың.теңгені құрады. Іссапар шығыстары 2 568 мың. теңге, басқа шығыстар- 439 мың теңгені құрады.

Жылдың соңында шотта қалған сомма 52 137 мың. теңге.

2023 жылы мемлекеттік сатып алу жоспарына бюджеттен соммасы 206 542,6 мың.теңге, оның ішінде: Қорлар мен негізгі құрал жабдықтарға- 96 439,2 мың.теңге, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметіне – 35 039 мың.теңге, өзге де қызметтер мен жұмыстарға-75 064,6 мың теңге жоспарланған.

Сатып алынған тауарлар мен қызметтерге жұмсалған жалпы сомма 205 978,2 мың теңге, оның ішінде: Қорлар мен негізгі құрал жабдықтар- 99 103,1 мың.теңге, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметі – 21 828,2 мың.теңге, өзге де қызметтер мен жұмыстар- 85 046,9 мың теңге. Үнемделген сомма 564,4 мың теңге.

2023 жылы қазан айының 12 жұлдызынан бастап облыс прокуратурасы 2021-2023ж.ж. колледж бюджет қаражатын жұмсау тиімділігіне, сондай-ақ мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру барысында заңдылықтың сақталу жағдайына және медициналық бұйымдарды сақтау талаптарының орындалуына талдау жүргізді.

Талдау барысында іссапар шығындарының жалпы соммасы 163 484 тенге артық төлену, міндетті медициналық қарап- тексеруден уақытылы өтпеу және дәрілік заттардың сақталуына бақылау жүргізбеу деректері анықталды.

Тексеру барысында жоғарыда аталған артық төленген іссапар шығындары жалпы соммасы 163 484 тенге, колледж кассасына толығымен қайтарылды. Бас есепші Б.М.Умирзаковаға сөгіс жарияланды. Қабылдап-тапсыру актісіне кешіктіріп қол қою яғни ҚР «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» № 648 бұйрығына сәйкес орын алған кемшіліктер фактісі бойынша Мемлекеттік сатып алу жөніндегі менеджері Н.Ж. Мамытбаевқа мемлекеттік сатып алу заңнамасын дұрыс қолдану үшін дәрістар ұйымдастырылды. Дәрілік заттардың сақталуына бақылауды тиісті деңгейде жүргізбегені үшін колледждің медпункт фельдшері Н.Сейдалиеваға ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 426 бабының 1-тармағымен айыппұл салынып, айыппұл толығымен төленген.

Қажетті сатып алуды айқындау мемлекеттік сатып алу бөліміне бөлімшелер беретін өтінімдер негізінде, өтінімдер бас бухгалтермен, директормен келісілгеннен кейін жүзеге асырылады.

Мемлекеттік сатып алу жоспарлары туралы мәліметтер мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырылады <https://goszakup.gov.kz/>.

Алынған өнім сатып алуға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келуі тиіс. Жеткізуші сәйкессіздікке байланысты жеткізілетін өнімді ауыстыруға кепілдік міндеттемелерін ұсынады. Мемлекеттік сатып алу жөніндегі Менеджер сатып алынатын өнімді верификациялауды (кіріс бақылауын) жүзеге асырады. Кіруді бақылауды қойма меңгерушісі, мемлекеттік сатып алу жөніндегі Менеджермен және колледж бөлімшелерінің өкілдерімен бірлесіп жүзеге асырады. Тауар қабылдау кезінде қойма меңгерушісі:

- жеткізудің тиісті түрін растайтын ілеспе құжаттаманың (жеткізуге арналған құжаттар) болуын тексеру;

- сыртқы түрін бағалау: қаптаманың жай-күйін, пломбалардың болуын, тауардың тұтастығын, қызметке жарамды күйін (тұтастығын) тексеру; Жеткізушілермен шарттық міндеттемелердің сапасы мен уақтылы орындалуын бақылау мыналарды қамтиды:

- Жеткізушімен хат алмасуға байланысты құжаттаманың жүргізілуін бақылау;

- жеткізу мерзімдерін бақылау;

- келісімшарттардың орындалу барысын бақылау;

- төлемдерді бақылау;

Қабылданған өнім жеткізуге арналған құжаттардың немесе шарттың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, Мемлекеттік сатып алу жөніндегі менеджер қойма меңгерушісі мен бөлімше өкілінің қолымен сәйкессіздік актісін жасайды, онда анықталған сәйкессіздіктің сипаты көрсетіледі.

Студенттік шәкіртақы төлемдерін жүргізу барысына тексеру жүргізгенде мемлекеттік бюджет тобында оқитын бір студенттің шәкіртақысы аударылмағандығы анықталды. Шәкіртақы тағайындау тізімін жасау барысында топ кураторы Бегалиев Жандар Бегалиевич студенттердің пән бойынша бағаларын іріктеу барысында бір студенттің пән бойынша бағаларын шатастырып дұрыс көрсетпеген. Соның салдарынан 2 курс студентінің есеп шотына шәкіртақы жіберілмей қалған. Бүгінгі күнде ол студентке шәкіртақы тағайындалып толық өндірілді.

Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу бағыты бойынша анықталған тәуекел: Студенттердің білімдерін дәрежелілеу соған байланысты шәкіртақы тағайындау барысында бөлім меңгерушісі тарапынан бақылап тексеру жұмыстарының әлсіздігі.

Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу бағыты бойынша тәуекелдерді болдырмау: Студенттердің білімдерін бағалап соған байланысты шәкіртақы тағайындау кезінде біліміне сай алған бағаларына аса көңіл бөліп дұрыс жазылуына бақылауды күшейтіп қатаңдату.

Салықтар және өзге де төлемдер:

Салық міндеттемесін орындау үшін колледж қызметіне байланысты тоқсан сайын салық есептері тапсырылады. Бухгалтерия салық міндеттемесінің, әлеуметтік төлемдерді есептеу, ұстап қалу және аудару жөніндегі міндеттердің орындалуын есепке алуды жүргізеді. Ай сайын жалақы бойынша міндетті аударымдар мен салықтар есептеледі және аударылады. Қызметкерлердің кірісіне аударылған міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдардың сомаларының сәйкестігін тексеру барысында бір қызметкерге қатысты әлеуметтік аударымдар сомасы сәйкес келмейтіндігі анықталды, яғни артық сома аударылған. Бүгінгі күнде артық аударылған соманы артқа қайтару үшін сұраныс хат жолданып, 20.06.2024 ж. күні кері қайтарылды.

Салық және өзге де төлемдер бағыты бойынша анықталған тәуекел:

Есеп айырысу есепшісінің қызметкерлерге қатысты әлеуметтік аударымдарды аудару барысында дұрыс есептемей мұқият болмауы.

Салық және өзге де төлемдер бағыты бойынша тәуекелдерді болдырмау: Есеп бөлімінде әлеуметтік аударымдарды, салық және өзге де төлемдерді аудару бағыты бойынша бас есепші тарапынан қадағалауды күшейтіп, қатаң бақылауға алу.

Салық есептілігі салық төлеушінің кабинетінде барлық нысандар бойынша (ф100, ф200, ф700, ф870) тапсырылады <https://cabinet.salyk.kz/sonowebinfo/>, бұл талдау объектісі өкілдерінің және салықтар мен басқа төлемдерді төлеушілердің жеке байланысын болдырмайды.

4. Колледж кітапханасының қызметі бойынша:

Колледждің кітапхана қызметі, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы №44 «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының кітапханалар қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау жөніндегі қағидалары» және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2000 жылғы 17 тамыздағы №827 «Білім жүйесінің кітапханаларына арналған кітапхана ісі жөніндегі құжаттарды бекіту» туралы бұйрықтарын басшылыққа ала отырып өз міндеттерін атқарады.

Колледж кітапханасының құжаттары жоғарыда көрсетілген бұйрықтардың әдістемелік құралдарына, ережелеріне және қосымшаларына сай жүргізілуде. Кітапхана қорындағы оқулықтар бойынша жиынтық есеп кітабы, қор қозғалысының қорытынды кітабы қосымшаға сай жасалған, сонымен қатар кітапханаға келіп түскен оқулықтар бойынша және есептен шығару туралы актілер туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2000 жылғы 17 тамыздағы №827 бұйрығымен бекітілген қосымшаға сәйкес жасалуда.

5. Оқу бөлімінің жұмыстары бойынша;

1. Стипендия тағайындау бойынша:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы N 116 Қаулысына сәйкес Білім беру ұйымдарында білім алушыларға мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу қағидаларын және олардың мөлшерлерін бекіту туралы заңына сәйкес оқу бөлімінің жұмыстары зерделенді. Нәтижесі: 2022-2023 оқу жылында **қысқы сессия**: Контингент бойынша студенттер саны 3518 оның ішінде мемлекеттік тапсырыспен 1544, ақылы түрде 1974, стипендия тағайындалғандар саны 1307, пайыздық көрсеткіш 84,7 % құрайды.

Жазғы сессия: Контингент бойынша студенттер саны 3355 оның ішінде мемлекеттік тапсырыспен 1520, ақылы түрде 1835, стипендия тағайындалғандар саны 1265, пайыздық көрсеткіш 83,2 % құрайды.

– оқушылардың аралық аттестация және қорытынды аттестация кезеңіндегі оқу үлгерім бағалары зерделенді;

– көп балалы және аз қамтылған отбасыдан шыққан оқушылардың ыстық тамақ пен жол ақысы бойынша төлемдер тізіміне енуіне байланысты қажетті құжаттардың сәйкестігі анықталды.

– бюджеттік бос орындарға ақылы топтан ауысатын оқушылардың оқу үлгерімдері және тәртіп бұзушылық жағдайларының болмауы туралы дәлелдемелі құжаттары мен мәліметтері зерделенді;

– колледжді үздік бітірушілердің оқу барысындағы 1-4 курс аралығындағы оқу үлгерімінің «Үздікке» сәйкестігі зерделенді.

Сонымен қатар, бітіруші түлектердің жұмысқа орналасуы зерделеніп, жұмысқа орналасу көрсеткіші 86 % құрағандығы анықталды.

Бітіруші түлектер тәуелсіз білімді бақылау (НОК) емтихандарын тапсыру сапасы зерделеніп қатаң бақылауға алынғандығы анықталды.

2. Талапкерлерді қабылдау қызметі бойынша;

Жамбыл жоғары медициналық колледжі қабылдау комиссиясының 2022-2023 оқу жылдардағы жұмыс жүргізу барысы мен құжаттардың рәсімделуінің талапқа сай жүргізілуін және тәуекелдікке мүмкіндігі жоғары тұстарын зерделеу барысында жүргізген жұмыстардың нәтижесі:

-Жамбыл жоғары медициналық колледжінің 2022-2023 оқу жылына талапкерлерді қабылдау қабылдау іс- жоспары талапқа сай жасалған, бекітілген.

-Кәсіби бағдар беру жұмысының материалдары бойынша:

Оқытушылардың қала мен қалаға жақын елді мекендер және аудан мектептеріне жүргізілген үгіт насихат жұмыстары фото суреттерімен жинақталған.

-Қабылдау комиссиясының бұйрықтары талапқа сай жасалған, қабылдау комиссия құрамы бұйрықпен бекітілген төрайымы, хатшысы сайланған.

- Жамбыл жоғары медициналық колледжінің 2022-2023 оқу жылына құжат қабылдау ережелері талапқа сай жасалған.

-Психометриялық тестілеу колледж базасында өткізілген, тестілеу барысында ата-аналар, талапкерлер тарапынан арыз-шағым болмаған.

Психометриялық тестілеу кесте бойынша талапқа сай алынып, хаттамалары толтырылған және «SMART NATION COLLEGE» базасына енгізілген.

-Мамандықтар сипаттамалары бойынша:

Мамандықтар сипаттамалары нақты көрсетіліп стендке ілінген, жарнама қағаздары екі тілде дайындалған.

-Лицензиялар бойынша:

Барлық мамандықтар бойынша лицензиялар бар.

Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК қабылдау комиссиясы 2022 – 2023 оқу жылына колледжге оқуға түсушілердің құжаттарын 25 маусымнан қабылдаған.

Қабылдау комиссиясы өз жұмысында келесі құжаттарды басшылыққа алған:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Білім беру» туралы 27.02.2007 жылғы Заңы;

2. «Оқуға қабылдаудың білім беру ұйымының білім беру бағдарламаларын іске асыратын техникалық және кәсіптік білім берудің үлгілік қағидалары» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 19.01.2012 жылғы №130 қаулысы;

3. ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы №578 бұйрығы;

4. «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК жарғысы;

5. Колледж директорымен бекітілген «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК қабылдау ережелері.

Оқуға құжаттарды қабылдау SMART NATION COLLEGE - мемлекеттік қызметтердің біріңғай порталы арқылы қабылданған.

Психометриялық тесттен өткен талапкерлер аттестаттың және бейінді пәндердің орта балымен және психометриялық тест нәтижесімен конкурсқа қатысып, ең жоғары балл иелері грантқа өткен. Байқау қорытындысы колледждің қабылдау комиссиясының қатысуынсыз SMART NATION

COLLEGE платформасы арқылы Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасы шешімімен 29 тамызға дейін шығарылған.

Талапкерлерді қабылдау бағыты бойынша колледжде сыбайлас жемқорлыққа тәуекелдік болуы мүмкін емес: 1) Байқау қорытындысы колледждің қабылдау комиссиясының қатысуынсыз шығарылады. 2) Психометриялық тест электронды түрде компьютермен бейнебақылау орнатылған аудиторияларда тапсырылған. 3) Қабылдау комиссиясының құрамында өкілетті органдар білім және денсаулық сақтау басқармаларының өкілдері, медициналық ұйымдар өкілдері, сонымен қатар қоғамдық бірлестік өкілі бекітілген.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер 2022-2023 оқу жылы бойынша:
- **Құжаттардың түпнұсқалары бойынша:** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына сәйкес педагогтерің жұмыс жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарына бекітілген тармақтарын тексеру бойынша: Заңға сәйкес құжаттардың түпнұсқалары бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр.

-**Құжаттар қабылдау бойынша:** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы № 197 бұйрығына сәйкес жұмысқа немесе оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларының бекітілген номаларын зерделеу бойынша: 2022-2023 оқу жылдарындағы студенттердің құжаттарын қабылдау бойынша жұмыс дұрыс жүргізіліп жатыр. Қосымша тіркеу жураналдары да талапқа сай.

-**Білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау ережелері туралы:** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 218 бұйрығына сай білім алушыларды білім беру ұйымдарының түрлері бойынша ауыстыру және қайта қабылдауларын анықтау бойынша: Ауыстыру үшін сұраныс хаттар өз папкасымен тіркелген, Қайта қабылдау немесе ауыстыру үшін ата-анасының өтініштері тіркелген.

-**Тегін тамақтандыру бойынша:** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 180 бұйрығын негізге ала отырып ұсынылған қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) және патронаттағы білім алушыларға тегін тамақтандырудың іске асып жатқандағын анықтау бойынша: 2022-2023 оқу жылдарындағы студенттердің Тегін тамақтануға құжаттар толық толтырылған. Ата-аналардың өтініші, бөлім меңгерушісі мен топ жетекші келісімдері қосымша тіркелген. Әр баланың құжаттары жинақталып, жылына 1 рет өтініш толтырылып, арнайы папкада сақталған. Студенттерді тегін тамақтандыру бойынша жұмыстар заң аясында жүргізіліп жатыр.

Қорытынды:

Тұтастай алғанда талданып отырған кезеңде ішкі талдау жүргізу нәтижесі бойынша белгіленген объектілер өз жұмыстарын талапқа және заңға сай атқарып отыр. Алайда ішкі талдау жүргізу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталды. Сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың болмағандығы анықталынды, сонымен қатар белгіленген

объектілердің қызметкерлерінің ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын білуі контрагенттермен өзара қарым - қатынас кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудырмайды.

Тәуекелдерді жою бойынша ұсыныстар:


Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу бойынша ұсынымдар: 1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін арттыру. 2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды және еңбек заңнамасын сақтау бойынша жұмысты жалғастыру. 3) Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды әзірлеу, белгіленген мерзімде мониторингті жүзеге асыру және іс-шараларды бақылау. 4) Білім беру ұйымының өз қызметінде басшылыққа алатын номенклатуралық құжаттары (ҚР заңдары, ҚР білім және ғылым министрлігінің ережелері, нұсқаулары, т.б.) сондай-ақ, білім мекемесінің жұмыстары бойынша нормативтік-құқықтық актілердің жаңарып отыруына байланысты, өзгерістерді өз уақытында ескеріп отыру.

Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары




Л. Қуанышбекова

«Алау» Бастауыш партия ұйымының хатшысы




М. Жакипова

Әділдік жолы РҚБ Жамбыл облыстық Филиалының басшысы



Н. Жұбандықова

Мамандар бөлімінің инспекторы



А. Атаханова

Колледж оқытушысы



Б. Қырықбаева

Заңгер



Т. Нышанбеков

Бас есепші



Б. Умирзакова